

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 1238 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 235 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 1238 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы
2 желтоқсандағы N 1238 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенцияға қол қою туралы" 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 1238 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 46, 500-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Рахат Мұхтарұлы Әлиевке Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенцияға қол қоюға өкілеттік берілсін."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті